

**"Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы № 3614 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 273 Жарлығы

**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы № 3614 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 33-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:»;

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережеде: 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Институт Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының жалпы және жедел басшылығымен жұмыс істейді.».

2. Осы Жарлық 01 қыркүйек күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті Н. Назарбаев*